КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 24.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2026, судья Тажиева Г. М., 12.03.2026

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

17 қараша 2025 жыл іс № 3115-25-00-2/2279 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Сатаева
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Paradise Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшының өкілі С.Орынгалиева
Жауапкер өкілі Э.Дюсембаев

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасымен(бұдан әрі - Басқарма) 8 шілде 2025 жылы №15051946-1 "Атырау облысы Құрманғазы ауданы Азғыр ауылы әкімі аппараты" ММ-сі үшін су құбырларына ағымдағы жөндеу жұмыстары» мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланды. Конкурс 3 лотқа бөлінген.
1.Қоңыртерек ауылындағы су құбырлар желісіне ағымдағы жөндеу жұмыстары. Сатып алу соммасы 17 078 469.00 теңге.
2.Азғыр ауылындағы су құбырлар желісіне ағымдағы жөндеу жұмыстары. Сатып алу соммасы 19 015 146.00 теңге.
3.Балқұдық ауылындағы су құбырлар желісіне ағымдағы жөндеу жұмыстары. Сатып алу соммасы 58 575 709.00 теңге.
Көрсетілген конкурс бойынша өтінімдерді қабылдаудың бастау мерзімі 11 шілде 2025 жыл, аяқталу мерзімі 18 шілде 2025 жыл.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ашу хаттамасының негізінде, 4 (төрт) әлеуетті өнім берушіден конкурсқа қатысуға өтінімдер берілген. Олар:

- " Paradise Kazakhstan" ЖШС
- "Бакыт" ЖК
- "Шыныбек-А.Т." ЖШС
- "Құрманғазы Су Арнасы" ЖШС

Конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасы «Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына» сәйкес материалдық ресурстары көрсетілген.

Конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасы негізінде әлеуетті өнім беруші «Paradise Kazakhstan» ЖШС-нен материалдық ресурстар бойынша жеке тұлға Бижанов Адилет Бакитгерейулынан 28 ақпан 2025 жылғы №6 Автокөлік құралдарын және механизмдерді жалға алу шарты негізінде жалға алынған автокран «XZJ5290 JQZ25 K» мемлекеттік белгі 429AIQ06 техникасын ұсынған.

«Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан анықтау мақсатында 22 шілде 2025 жылы №06-01-03-08-3/1468 шығыс хатымен Атырау облысының Полиция Департаментіне «XZJ5290 JQZ25 K» мемлекеттік белгі 429AIQ06 техникалық төлқұжатының шынайылығын растау үшін сұрау хат жолданған болатын. Аталған мекемеден 25.07.2025 жылы №1696 кіріс хатымен ұсынған техниканың Атырау облысында емес Маңғыстау облысында мемлекеттік белгісі 429AIQ12 болып тіркелгендігі жөнінде жауап хат алынды.

Яғни, «Paradise Kazakhstan» ЖШС-гі конкурс бойынша өтінімін ұсынған кезде материалдық ресурс бойынша анық емес ақпарат ұсынғандығы анықталып отыр.

Талап қоюшы сотқа жолдаған талабында «Paradise Kazakhstan» ЖШС-гі конкурс құжатына анық емес ақпарат бергендіктен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талаппен келіспей, қарсы пікірдің уәждерін қолдап, ұсынған техниканың Атырау облысында емес Маңғыстау облысында мемлекеттік белгісі 429AIQ12 болып тіркелгендігі жөнінде алдын-ала біле алмағандығын айтып, сонымен қатар арыз берушінің және жалға берушінің конкурсқа қатыспағандарын, демек олардың заңды мүдделері бұзылмағанын, талап қоюшының құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірілмегенін, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 1) тармақшасы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 24.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2026, судья Тажиева Г. М., 12.03.2026
3115-25-3-1/2453

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі. Заңның 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Жауапкер әлеуетті өнім беруші ретінде конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілікті өздеріне толық алатындығы туралы келісімін берген.

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Сотта анықталғандай, конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасы негізінде әлеуетті өнім беруші «Paradise Kazakhstan» ЖШС-нен материалдық ресурстар бойынша жеке тұлға Бижанов Адилет Бакитгерейулынан 28 ақпан 2025 жылғы №6 Автокөлік құралдарын және механизмдерді жалға алу шарты негізінде жалға алынған автокран «XZJ5290 JQZ25 K» мемлекеттік белгі 429AIQ06 техникасын ұсынған.

«Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан анықтау мақсатында Атырау облысының Полиция Департаментіне «XZJ5290 JQZ25 K» мемлекеттік белгі 429AIQ06 техникалық төлқұжатының шынайылығын растау үшін сұрау хат жолданған болатын. Аталған мекемеден 25 шілде 2025 жылы №1696 кіріс хатымен ұсынған техниканың Атырау облысында емес Маңғыстау облысында мемлекеттік белгісі 429AIQ12 болып тіркелгендігі жөнінде жауап хат алынды.

Сот отырысында жеке тұлға Бижанов Адилет Бакитгерейулы автокран «XZJ5290 JQZ25 K» мемлекеттік белгі 429AIQ06 техникасын ұсыну туралы жалға алу шартты есепшы қателесіп жасағанын, нақты бұл техника Маңғыстау облысында тіркелгенін көрсетті.

Көлік құралдарын тіркеу базасына сәйкес, барлық техникалық сипаттамасы көрсетілген көлік құралын тіркеу карточкасында автокран

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 24.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2026, судья Тажиева Г. М., 12.03.2026
3115-25-3-1/2453

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«XZJ5290 JQZ25 K» мемлекеттік белгі 429AIQ06 тіркелмеген, яғни жауапкер осы көлік бойынша жалған техникалық құжат ұсынғаны анықталды.

Істі қарау барысында, жауапкердің анық емес ақпарат бергені дәлелденді. Сот жауапкердің келтірген уәждерін негізсіз деп санайды.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді. Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 30 шілдеде жүгінген.

Сондықтан жауапкердің конкурсқа қатысу барысында анық емес ақпарат ұсынғандығы іс құжаттарымен өз дәлелін табуына байланысты талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сай, жауапкерден 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Paradise Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы туралы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Paradise Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

«Paradise Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 24 қараша 2025 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 24.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2026, судья Тажиева Г. М., 12.03.2026
3115-25-3-1/2453